




ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Қазақстан мен Беларусь президенттері телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Лукашенконы Беларусь Республикасының Президенті сайлауындағы жеңісімен құттықтады. Тараптар екіжақты күн тәртібінің, сондай-ақ өңірлік және халықаралық ұйымдар аясындағы өзара ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талқылады.

ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үндістан Премьер-министрі Нарендра Модиге Республика күніне орай құттықтау жолдады.

Мемлекет басшысы Үндістанның демократиялық дамуындағы елеулі прогресс пен әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ технологиялық салалардағы жетістіктерін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Нарендра Модиге достас Үндістан халқының игілігі мен өркендеуі жолындағы жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Президент берік достық байланыстар мен стратегиялық серіктестікке негізделген қазақ-үнді қатынастарының ерекше сипатына назар аударып, екі елдің жан-жақты ынтымақтастығы одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.



ҚҰН САЛЫҒЫ ҚИЫНДЫҚТАН ҚҰТҚАРА МА?

Еліміздегі бюджет тапшылығы мәселесі өзектілігін жойған жоқ. Әсіресе, мемлекеттік шығыстардың артуы мен салық түсімдерінің жеткіліксіздігі күн тәртібінен түсер емес. Экономистер мен сарапшылар бұл мәселені шешу үшін салық жүйесіне нақты өзгерістер енгізуді ұсынууда. Соның ішінде ҚҚС мөлшерін 20%-ға көтеру, тіркеу шегін төмендету және салықтық жеңілдіктерді қайта қарау сияқты шаралар ұсынылды. Алайда бұл шаралардың әсері тек қысқа мерзімді нәтиже беруі мүмкін, себебі олар жүйелі өзгерістерді қажет ететін экономикалық дағдарысты тереңдетуі ықтимал. АІОҰН газеті осы мәселелердің экономикалық тұрақтылыққа әсері, салық жүйесіндегі өзгерістердің нәтижелері және оларды шешу жолдарын талқылау мақсатында сарапшылармен тілдескен болатын.

→ 5

ҚАП ТҮБІНДЕ КАРТОП ЖАТПАЙДЫ

Жаңа жыл басталғалы тосыннан картоп тапшылығы туындады. Ірі қалаларда бір қолға 5 келіден артық сатпауға қатысты қатаң шектеу енгізілді. Жұртшылық сол бес келінің өзін таппай сенделді. Шенеуніктер картоп қоры ішкі қажеттілікті толық қамтамасыз етуге жеткілікті екенін мәлімдеді. Фермерлер мен саудагерлер бұл мәлімдемемен келіспейді. Проблеманың өрісі кең болып шықты. Бүкіл әлемде картоп жетіспеушілігі күшейген.

→ 4



ДАМУ

«КЕЛЕШЕКТИҢ»

КЕЛЕШЕГІ ҚАНДАЙ?

Бүгінгі жаһандану заманында ең мықты инвестиция білімге құйылған қаражат екені мәлім. Әсіресе, ата-аналар балаларының болашағына алаңдамас үшін қазірден-ақ олардың жоғары әрі сапалы білім алуына баса назар аударғаны абзал. Бұған мемлекет те тиімді жағдай ұсынып отыр. Елімізде 2023 жылдан бері әлеуметтік саясат пен білім беру саласында бірқатар маңызды бастама жүзеге асырылып келеді. Қолға алынған бұл реформалар мен бағдарламалар халықтың әл-ауқатын жақсартуға, балалардың болашағын қамтамасыз етуге және білім беру жүйесінің инфрақұрылымын жетілдіруге бағытталған. Соның жарқын мысалы – «Келешек» жүйесі.

→ 6



ӨНДІРІСТІК РОБОТОТЕХНИКА ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ

Робототехника білім саласында қалай дамып жатыр? Жаңаны меңгерген жастардың аяқ алысы қалай? Осы мәселелер жөнінде біз робототехника тренері, «КазРоботикс» Қазақстандық білім беру және спорттық робототехника федерациясы Атырау облысы филиалының директоры Асқар Алданмен сұхбаттастық.



→ 7

ЕРЛЕГЕН ЕРСІН

Токиода сумодан өткен 2025 жылдың алғашқы турнирі өз мәресіне жетті. Кілең мықтылар тоғысқан Хацу баццёның ең жоғарғы алаңы Макуути дивизионында бақ сынаған жерлесіміз, Жапонияда Кинбозан Харуки атымен танымал Ерсін Балтағұл үздік үштіктен көрінді.



→ 8

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ ТҮСЕДІ



Премьер-Министр Олжас Бектенов Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық миссиясын бастаған Қытай Халық Республикасының еліміздегі Төтенше және өкілетті елшісі Хань Чуньлинмен кездесті. Сауда-экономикалық ынтымақтастық, инвестиция, АӨК, көлік және логистика, энергетика, мәдени-гуманитарлық сала, туризм және басқа да салалардағы өзара іс-қимылды кеңейту мәселелері талқыланды.

Премьер-Министр Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин арасындағы қарқынды әрі сенімді байланыстар серпінді экономикалық ынтымақтастықтың негізі екенін баса айтты.

Келіссөздер барысында тараптар екі ел арасындағы сауда-экономикалық әріптестіктің қалыптасқан жоғары деңгейін атап өтті. 2024 жылдың қорытындысы бойынша екіжақты тауар айналымы 9%-ға өсіп, \$43,8 млрд-қа жетті. Екі мемлекет басшылары қойған өзара сауда көлемін екі есеге арттыру жөніндегі міндеттерге қол жеткізу мақсатында үкіметтер тауар айналымын әртарапандыруға бағытталған колда бар әлеуетті кеңейту бойынша бірлескен жұмыс жүргізуде. Осыған байланысты қазақстандық тарап жеткізілетін өнім номенклатурасын одан әрі кеңейту-

дің, оның ішінде, қытай тарапының астық жүктерін вагондардың барлық түрі бойынша қабылдауын ұлғайту, сондай-ақ ҚХР-ға экспорттаушылар тізіліміне жаңа қазақстандық кәсіпорындарды енгізу арқылы Қытай нарығына қазақстандық астықтың экспортын арттырудың маңыздылығын атап өтті.

Бұдан басқа, бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері қаралды. Қытай Қазақстанның 5 үздік инвесторының қатарына кіреді. Бүгінде 11 мың жұмыс орнын ашу арқылы \$8,7 млрд-қа 62 казак-қытай жобасы іске асырылды, 17,4 мың жұмыс орнын ашатын 13,5 млрд-қа 55 жоба іске асыру сатысында. Жалпы пулға \$60,5 млрд-тан астам 222 инвестициялық жоба кіреді.

Сондай-ақ транзиттік-көлік саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға

баса назар аударылды. «КТЖ» ҰК» АҚ деректері бойынша 2024 жылдың 11 айында Қазақстан мен ҚХР арасында жүк тасымалдау көлемі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13%-ға өсіп, 29,3 млн тоннаны құрады. Жүк тасымалын одан әрі арттыру үшін казак-қытай шекарасында жаңа өткізу пункттерін ашу және қолданыстағы өткізу пункттерін жаңғырту, сондай-ақ шекара маңындағы кеме катынасын дамыту жөнінде бірлескен шаралар қабылдаудың маңызы нақтыланды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар екіжақты өзара іс-қимылдың барлық негізгі бағыты бойынша әріптестікті нығайту және бірлескен жұмысты күшейту ниеттерін растады.

Мейір ЖАСЫН

БІР ТОЛҚЫНДА – БЕРЕРІ МОЛ БАСТАМА

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында Қазақстанның барлық өңірлерінде «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен Бір Толқында диалогтық алаңдары өтуде. Бұл кездесулердің мақсаты – жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және жастарды өндірістік және әлеуметтік мамандықтарға тарту. Бұл мамандықтар ел экономикасының дамуына үлкен үлес қосады.



Қостанайда шара өнеркәсіп кәсіпорындарының өкілдері, жоғары оқу орындары мен колледж студенттерінің қатысуымен өтті. Спикерлердің айтуынша, өндіріс саласын жаңғырту, шетелдік инвестициялар тарту және заманауи жабдықтарды енгізу жоғары деңгейдегі мамандарды талап етеді. Дөнеркерлеу цехының менеджері Дмитрий Парфенов жұмысшы мамандықтарды білім беру жүйесінде насихаттауға және жұмыс берушілердің жастармен өзара іс-қимылын жақсартуға ерекше назар аудару қажеттігін айтты.

«Қазіргі уақытта жұмысшы мамандықтарына білім беру жүйесінде де, жастарды өндіріске тарту бойынша жұмыс беруші-

лердің тәсілінде де үлкен назар аудару керек. Себебі қазіргі өндіріс алаңдары бұрынғыға қарағанда әлдеқайда заманауи және белгілі бір біліктілік дағдылары мен білімді қажет етеді», – деді ол.

Ақтауда кездесу педагогика және сервис инновациялық колледжінде өтті, онда жұмысшы мамандықтарының, әсіресе туризм және қоғамдық тамақтану салаларының маңыздылығы талқыланды. «Жастар Рухы» Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Абзал Марат: «Біздің экономикамыз жұмысшы мамандықтарына тәуелді. Бұл тек дөнеркерлеушілер, монтажшылар немесе құрылысшылар ғана емес. Сондай-ақ қоғамдық тамақтану саласының өкілдері, аспазышылар,

басқарушылар да бар. Ақтау туристік өңір болып есептелетіндіктен, бұл сала маңызды. Сол себепті біз бүгін студенттерге қоғамдық тамақтану және қонақүй бизнесін басқару саласында жұмыс істеудің артықшылықтарын түсіндірген рестораторды шақырдық», – деп атап өтті.

Өскеменде қатысушылар жаңа оқу бағдарламалары мен технологиялардың дамуын атап өтті, бұл студенттерге қажетті дағдыларды тезірек меңгеруге мүмкіндік береді. Шығыс Қазақстан облысы кәсіподақтар бірлестігі төрағасының орынбасары Айжан Гасанова кәсіподақтардың бұл бастаманы қолдайтынын және жұмысшылардың құқықтарын қорғау бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатқанын айтты.

Тараз қаласы да бұл бастамадан тыс қалмады. Мұнда кездесу барысында кәсіби дамумен қатар, Отбасы банкі арқылы тұрғын үй алу және көлік мәселелері сияқты әлеуметтік аспектілер талқыланды. Жамбыл облысындағы «AMANAT» партиясының жастар қанатының төрағасы Ерғали Рүстемұлы барлық көтерілген мәселелер өңірлік кеңестің отырысында қаралатынын айтты.

«AMANAT» партиясы жанында жастарды қолдау жөніндегі өңірлік кеңес жұмыс істейді. Бұл алаңда жастарға қатысты түрлі мәселелер көтеріледі. Біз осы кездесуде талқыланған мәселелерді алдағы кеңес отырысында қарастырамыз», – деді Ерғали Рүстемұлы.

Бір Толқында бастамасы жұмысшы мамандықтарының Қазақстанның тұрақты дамуы үшін маңыздылығын көрсетіп, оларды жастар арасында дәріптеп, әртүрлі салалардағы мансаптық өсу перспективаларын айқындауда.

«AMANAT» партиясының Ақтөбе облыстық филиалы «Құқықтық көмек» жобасы аясында елді мекендерде көшпелі қоғамдық қабылдау өткізу жұмысын жалғастыруда. Мәселе, кезекті қабылдау жуырда Қарғалы ауданы орталығында және Қос-Истек ауылдық округінде өтті.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТІП ЖАТЫР

Қоғамдық қабылдауға партияның облыстық филиалының заңгері Гүлсім Құлжабаева, Әділет департаментінің жетекші маманы Мейірман Тоғызбай, Қарғалы аудандық мәслихатының төрағасы Сапарбек Аманжолов, нотариус Ерлан Айтпаев қатысып, тұрғындардың өтініш-тілегіне құлақ түрді. Тұрғындар әртүрлі мәселемен жүгінді.

Мәселен, қоғамдық қабылдауға келген тұрғындардың бірі жолдасымен ажырасқаннан кейін балаларымен бірге далада қалғанын, себебі

ресімдеу, мемлекеттік бағдарламалар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ екі колға бір күрек іздеген тұрғындарға аудандағы бос жұмыс орындары туралы ақпарат берілді.

Партияның Қарғалы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Надежда Заглядованың айтуынша, былтыр партия филиалының қоғамдық қабылдауына 308 адам келіп, көмек сұраған. Оның 207-сі он шешілсе, 101 адамға заң аясында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Келуші-



тұрғын үй құжаттары жұбайына рәсімделгенін айтып, заңгерден көмек сұрады. Тағы бір тұрғын қарызынан толық құтылса да, 10 жылдан астам уақыт бойы банкке берешек болып келген. Сондай-ақ өз атына несие рәсімдеп берген азаматша туысқанынан қарызын қалай қайтарарын білмей жүр.

Қоғамдық қабылдауда заңгерлік көмекпен қатар тұрғын үйге құжат

лердің дені тұрғын үймен қамтамасыз ету, әлеуметтік қамсыздандыру, жұмысқа орналастыру, тұрғын үй-коммуналдық сипаттағы өтініштермен жүгінген.

Айта кету керек, партия жанынан құрылған «Құқықтық көмек» жобасы бойынша тұрғындарға тегін заңгерлік көмек көрсетіледі. Былтыр осы жоба аясында 102 қоғамдық қабылдау өтіп, 335 адамның мәселесі қаралды.



«ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТІҢ» ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру аясында Жанқожа батыр ауылында 300 орындық «Жайлы мектеп» салынады.

Кеше партияның аудандық филиалының атқарушы хатшысы, аудандық мәслихат депутаты Нұрғиса Жалғасбаев, партия филиалының Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Әділбек Сарабеков, комиссия мүшесі Арғын Орымбаев және аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов аталған білім ошағының құрылыс жұмысына партиялық бақылау жүргізді.

Ауыл тұрғындары үшін аса маңызды саналатын құрылыс нысанының бүгінгі жай-күйімен және дайындығы жөнінде «Асар» ЖШС мердігерінің өкілдері баяндады. 2 кабаттан тұратын ғимараттың бүгінде қабырға кірпіші өріліп, төбе ша-

тыры жабылған. Қазір ішкі әрлеу, яғни қабырғасын сырлау, еденін төсеу, жабдықтарын орнату, сондай-ақ сыртқы абаттандыру және т.б. жұмыстар жүруде.

Құрылыс жұмысымен танысу барысында партия өкілдері мердігер ұйымға нысанның сапалы әрі уақыттылы аяқталуын қамтамасыз етуді, жұмысшылардың қауіпсіздігін сақтау және құрылыс материалдарының талапқа сай болуын басты назарда ұстау қажеттігін айтты. Сонымен қатар мектептің сапалы инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі, яғни су, жарық, жылу жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуі маңызды екендігін атап өтті.

